

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қазандығы № 717 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 354 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 мамырда № 28147 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қазандығы № 717 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21469 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларында:

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Әскери оқу орнына (бұдан әрі – ӘОО) түсетең кандидаттар алдын ала медициналық қуәландырудан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық ӘДК (бұдан әрі - ПМ ОӘДК), ҰҰ ӘДК штаттық (штаттық емес) ӘДК, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД) штаттық ӘДК, соңғы медициналық қуәландырудан Ұлттық ұлан академиясының (бұдан әрі – ҰҰА) штаттық емес уақытша жұмыс істейтін ӘДК өтеді.

"14. Ұшқыштар құрамын дайындау бойынша ӘОО түсетең кандидаттар алдын ала медициналық қуәландырудан ПМ ОӘДК, ҰҰ ӘДК штаттық (штаттық емес) ӘДК, ПД штаттық ӘДК өтеді, содан соң дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясына жіберіледі, соңғы медициналық қуәландырудан Ұлттық ұлан академиясының (бұдан әрі – ҰҰА) штаттық емес уақытша жұмыс істейтін ӘДК өтеді.

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан толық босату туралы (7 тәуліктен 15 тәуліккеге дейін) қорытынды шығарған курсанттары ҰҰА лазаретінде жатады.

Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан ішінара босату туралы қорытынды шығарған кезде қандай жұмыс, сабак, наряд түрлерінен босатылғаны көрсетіледі. Әскери қызметтің міндеттерін орындаудан ішінара босатылған курсанттардың сыныптық сабактарға баруы ҰҰА медицина қызметі бастығының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеде:

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Штаттық ҰҰ ӘДК ҰҰ әскері медициналық қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің штатында тұрады және өнірлік қолбасшылықтарда (бұдан әрі – ӨҢҚ), әскери бөлімдерде, Ұлттық ұланының академиясында (бұдан әрі – ҰҰА) және лазареттерде құрылған штаттық емес ӘДК қызметін Қазақстан Республикасы ҰҰ әскери қызметшілерін ӘДС мәселелері бойынша жалпы басқаруды жүзеге асырады.";

"11. Штаттық ҰҰ ӘДК-ні Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары- Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы Әскери медицина басқармасы (бұдан әрі – ӘМБ) бастығының баянаты бойынша Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы лауазымға тағайындастын және одан босататын бастық басқарады.

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ҰҰ ӘДК штаттық құрылымының құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - ҰҰ Бас қолбасшысының бұйрығымен бекітіледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Штаттан тыс тұрақты жұмыс істейтін ӘДК ҰҰ әскери қызметшілерін медициналық куәландыру үшін ӨҢҚ, әскери бөлімдердің, ҰҰА лазареттері жанында құрылады.

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Штаттан тыс уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия жоғары оқу орындарында (бұдан әрі – ЖОО), оқу бөлімдері мен арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының, өнірлік қолбасшылық қолбасшыларының және әскери бөлім командирлерінің бұйрықтарымен курсанттар мен кандидаттарды медициналық куәландыру үшін мынадай құрамда құрылады: бастық (медицина қызметінің бастығы), бастықтың орынбасары (штаттық дәрігер-мамандар қатарынан) және комиссия мүшелері. Бұйрықтарда кандидаттардың ЖОО, оқу бөлімдеріне және арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерге түсу және іріктеу кезеңіндегі жұмыс мерзімдері мен тәртібі айқындалады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Е.С. Ботаканов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Е.С. Ботақановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

M. Ахметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК